

XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*Орынбаева Д.Г.¹, Сатемирова Д.А.², Абитова Ж.С.³

^{*1,2}Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

³Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Андатпа. XXI ғасыр, яғни, жаңа заманның қазақ аудиториясы – қазақ жастары ғаламтордың жойқын күшіне қарамастан, кітап оқуға құмар. Мектеп оқушылары, жоғарғы оқу орындарының студенттері немесе еңбек жолын енді бастаған жас мамандар болсын түрлі бағытта, қилы жанрда кітап оқиды. Өзін дамыту, интеллектісін көтеру, жан-жақтылығын қалыптастыру – қазіргі жастардың басым көпшілігінің таңдауы. Бірақ оқырман жастар арасында қазақ әдебиетінің төл туындыларын оқитындар сирек кездеседі. Шет ел әдебиеті, манга, детектив жанрлары басымдыққа ие. Мақалада оқуға құштар жастардың шет елдің туындыларынан бұрын қазақтың, төл әдебиеттің үздік туындыларына деген қызығушылығын арттыру мәселесі қозғалады.

Отандық әдебиетке деген қызығушылықты ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қалыптастырған дұрыс. Осы орайда, ғылыми зерттеудің мақсаты – Абай мектептері желісінің педагогтары мен оқушыларына зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушы танымына сай келетін, қызығушылығын арттыратын жаңа ғасыр туындыларын анықтау, оларды оқытудың әдістемесін жасаудың қажеттілігін дәлелдеу, педагогтарға пайдалы ұсыныстар дайындау.

Мақалада қазақ әдебиетін оқытуға байланысты отандық және шет елдік ғалымдардың іргелі еңбектері сараланады. Әдебиетті оқыту әдістемесіне қатысты тұжырымдар айтылады. Зерттеу, әңгімелесу, сауалнама алу, сұхбат, салыстыру нәтижелері синтезделіп, анализ жасалады. Қазіргі оқырманның қызығушылығына ие көркем шығарма жанрлары іріктеледі. Қазақ прозасы мен поэзиясындағы мазмұн, пішін, түр, құрылым тұрғысынан еніп жатқан жаңалықтар сарапталып, мектеп бағдарламасына енгізуге ұсынылады. Сонымен қатар, педагогтар нені және қалай оқытуды анық білуі қажет деген мақсатта педагогтарға арналған ұсыныстар әзірленді.

(«АР19176992 XXI ғасырдағы қазақ әдебиетін мектеп оқушыларына оқыту әдістемесі (Абай мектептері желісі бойынша)» жобасының аясында жүргізілген зерттеулер бойынша)

Тірек сөздер: XXI ғасыр әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиеті, әдебиетті оқыту, оқыту әдістемесі, қазіргі қазақ прозасы, қазақ поэзиясы, тереңдетілген әдебиет, көркем шығарма, қазақ және әлем әдебиеті, жаңа жанр

Кіріспе

Кітап, оның ішінде көркем әдеби туынды – әр заманның, әр қоғамның айнасы. «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін нағыз интеллигент бола бастадым деп санауына болады», - деп Мұхтар Әуезов айтқандай, интеллигент қоғам қалыптастыру, жас буынның кітапқа қызығушылығын арттыру – өзектілігін жоймаған мәселе.

Ғылым мен техника ғана емес, әлемдік деңгейде әдебиет те қарыштап дамуда. Постмодернизм бағыты, мистикалық, фантастикалық жанрлар, психологиялық, философиялық сарын басымдыққа ие болды. Ақыл-ой, сана, адамның ішкі әлемі туралы туындылар қалың оқырманның сүйікті туындысына айналды. Осы тұрғыда ғаламдық тақырыптарды жаңа стильде

жазып, ХХІ ғасырдағы жаңаша қазақ әдебиетін жасаушы ақын-жазушылар аз емес. Алайда оларды оқыту, көпшілік оқырманға таныстыру мәселелері толық шешімін тапқан жоқ.

Қазіргі қазақ оқырмандарын мектеп жасынан бастап төл әдебиетпен таныстыру, қызығушылықтарын ояту педагогтардан жаңа әдістемені, өзгеше шеберлікті қажет етеді. Демек мектеп мұғалімдерін ғылымда болып жатқан жаңалықтардан хабардар етіп, көркем шығарманы оқытудың жаңа әдістемесін ұсыну маңызды мәнге ие.

Әдебиет – үнемі даму үстінде болатын үрдіс. ХХІ ғасырдың ақын-жазушылары сол үрдісті жалғап келеді. Постмодернизм бағытында біршама келелі еңбектер жазылды. Фантаст жазушылар қатары көбейді. ХХІ ғасыр оқушысына етене таныс, өзін қоршаған бүгінгі қоғамның бейнесін сипаттайтын тамаша туындылар дүниеге келуде. Қазақ поэзиясы құрылымы жағынан қарыштап дамуда. Жаңа заман ақындарынан түрлі жаңа, тың формаларды кездестіруге болады. Олар қалыптасқан ұйқас түрлеріне сыймайды, қалыпты буын, бунақ жүйесін де сақтамайды. Бұл – бүгінгі күннің жаңалығы. Бірақ қазіргі жас буын үшін қазақ әдебиетінің дамуы ХХ ғасырдан үзілгендей болып тұрады. Себебі мектеп қабырғасында қазіргі кезең туындылары өте аз оқытылады және оны оқытудың өзіндік әдістемесі жасалмаған. Сонымен қатар, оқушылардың шетелдік әдебиетті құмарта оқитынын да ескеру керек. Демек, жаңа әдебиетті оқыту үшін жаңаша әдістеме де қатар дамуы тиіс. Осы орайда, педагогика ғылымын зерттеуші ғалымдардың мына пікірін басшылыққа алуға болады: «Әлемге танымал ұлттың ұлы ұстазы әл-Фараби шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйенің негізін қалаған ағартушы, оқымысты, ғалым екені белгілі. Оның мінсіз адамды қалыптастыру туралы идеясы жас ұрпақтың сана-сезімін жетілдірумен айналысатын педагогке қатысты үш нәрсенің: баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; ұстаздың шеберлігі, ар тазалығының, сабақ үдерісінің алатын орнының ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алуы шарт екендігі туралы пікірі педагогтерді даярлау ісін жүзеге асырудың іргетасы болып саналатын алтын дінгегі» [1].

Ахмет Байтұрсынұлы: «Елді түзеуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» [2], - деп, елдің болашағы қазіргі мектеп оқушысының нені оқып жатқандығымен тікелей байланысты екенін айтты. Шет елдік әдебиетті құмарта оқитын бүгінгі балалар ертең сол шет елдің мүддесін қорғап кетпесіне де кепілдік бере алмасымыз анық. Әдебиет – мықты идеология құралы. Оны тек дұрыс бағытта пайдалана білу қажет. Қазіргі мектептің басты құндылықтарының бірі – жалпы адамзатты сүю, құрметтеу болса, дәл осы идея Абайдың: «...Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және де Хақ жолы деп әділетті» [3], - деген екі ауыз сөзінде тұрған жоқ па? Заман ағымына сай психологияға, адамның санасында, ішкі жан дүниесінде болып жататын құбылыстарға қызығушылық танытатын оқушылар да бұл тақырыптарда отандық әдебиетте көркем туынды жоқ деп санайды. Осы орайда, Төлен Әбдіктің «Оң қол», «Парасат майданы» туындыларын оқыту қызығушылықты арттыратыны сөзсіз. Зерттеу нысанына алынған мектептің оқушыларымен

«Оң қол» әңгімесін оқып, талдау барысындағы оқушылардың «бұрын-соңды қазақ әдебиетінде мұндай тақырыптағы туынды бар екенін білмеппіз», «оқығанда бірден баурап алады», «біресе қорқытады, біресе ойландырады», «ізгілікке, жақсылыққа тәрбиелейді», «адам жанының құпиясы мол екеніне тағы да көз жеткіздік» деген пікірлері ойымызды айғақтайды.

Тәуелсіздіктен кейінге немесе ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті прозада да, поэзияда да жанрлық, құрылымдық тұрғыдан түрленіп, жаңарып, баюда. Бүгінгі қоғамда өзекті болып табылатын сан түрлі тақырыптар, жазушының ойын жеткізу әдістері, тың формалар мен оқырманға ой салу тәсілдері де жаңғырған. Тек оқырманын тапса болды. Ал оқуға құштар шәкіртті қалыптастыру – мектеп мұғалімдерінің мойнына артылған міндет. Осы міндет жүйелі, сауатты жүзеге асырылса, бүгінгі әдебиет болашақты тәрбиелеуші үлкен құралға айналмақ.

Әр педагог білім беруге сауатты дайындықпен келуі тиіс. Бұған қатысты әдебиеттанушы, әдіскер ғалым Б. Жұмақаева мынадай пікір білдіреді: «Яғни ұстаз әдебиеттің бағдарламасымен үстірт танысып, мойындап қана қоймай, әдістеме мазмұнының талап, тілектеріне сай сын көзімен тексеріп, зерттеп, шығармашылықпен меңгеруге міндетті. Тек сонда ғана ол әрбір сыныпта оқып үйретуге тиісті әдеби материалдардың ауыр, жеңілдігі, берілген сағат мөлшеріне сәйкестігі, оқушыларға берілетін әдеби-теориялық білімнің көлемі мен мазмұны, жүйелілігі, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарының түрлері т.б. көптеген мәселелер туралы ғылыми-әдістемелік қорытындыға келе алады» [4].

Соңғы жылдары мектеп мұғалімдері ғылым саласындағы жаңалықтардан алшақтап кетті. Педагог өз пәніне сыни көзқараспен қарап, әр тақырыптың, әр мақсаттың ғылыми негізін ұғып, оны балаға оңай жеткізудің жолдарын шебер табуы үшін арнайы білім керек. Жаңартылған білім беру мазмұны енгізілген кезеңнен бері арнайы әдебиетті оқытуға қатысты жазылған ғылыми-әдістемелік еңбектер жоқтың қасы. Бұл – мақалада қозғалып отырған ғылыми зерттеудің қоғамда сұранысқа ие екенін айқындайды.

Осы мақсатта 2019 жылдан бастап мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасымен Қазақстанның әр өңірінен ашылған гуманитарлық бағыттағы желілік Абай мектептері зерттеу объектісі ретінде алынды. Бұл мектептердің бағыты гуманитарлық әрі қазақ тілі мен әдебиетіне басымдық берілетіндіктен, объект етіп алынған мектептердің педагогтары мен оқушыларына ХХІ ғасыр әдебиетін оқу мен оқытуға байланысты зерттеулер жүргізілді. Зерттеу әдістері ретінде сауалнама (онлайн/оффлайн форматта), сұхбат, тест, әңгімелесу таңдалынды. Зерттеу материалы – Абай мектептері желісі үшін арнайы әзірленіп, ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен, 2021 жылдан аталмыш мектептерде апробациядан өтіп жатқан қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытуға арналған оқу бағдарламасы.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде тақырыпқа сай теориялық материалдарды жүйелілік-құрылымдық талдау, салыстырмалы талдау әдістері

қолданылды. Мақала тақырыбын ашып, мазмұнын ұғындыру үшін шет елдік және отандық ғалымдардың келелі еңбектеріне шолу жасалды. Ғалымдардың пікірлеріне анализ жасалып, синтезделді.

XXI ғасырдағы қазақ әдебиетін оқыту үшін жаңа әдістеменің қажеттілігін байқау мақсатында сұхбаттасу және сауалнама алу, зерттеу әдістері пайдаланылды. Бақылау әдісі арқылы оқушылардың қызығушылықтары анықталды.

Нәтижелер

Google платформасындағы ең кең тараған ағылшын тіліндегі сұраныстардың бірі: «Why teach literature?» Яғни, әдебиетті не үшін оқимыз? Бұл сұрақты қазіргі қазақ мектептеріндегі оқушылардың да басым көпшілігінен естуге болады.

Бұл сұраққа жауап ретінде шет елдік ғалымдар былай дейді: «Оқушыларды әдебиет сабағына тартудың не үшін қажет екенін өзіңіз терең ойланбасаңыз, шәкірттеріңіз еңбекқор болып шықса да, сіз оларды қызықтыра алмайсыз» [5]. Бұл арқылы мұғалімнің кәсіби рефлексиясы – нағыз маманның ажырамас қасиеті туралы айтып отырмыз. Себебі мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім [6].

Басқа пәндермен салыстырғанда әдебиетті оқыту үшін мұғалімге өзіндік ұстаным, мінез керек. Әдебиет тұтас ұлттың ұлтжанды ұрпағын қалыптастырушы пән екенін ескерсек, Ә.Бөкейханов айтқандай: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» [7]. Ұлт көсемінің бұл пікірі шет елдік ғалымдардың да ойларымен ұштасады. Мұғалімнің ұстанымы оның көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етеді, ал көзқарасы оның белгілі бір шешімдер қабылдауына, соның нәтижесіндегі сыныптағы іс-әрекеттеріне негіз болады.



Сурет 1 – Мұғалім әрекетінің сатылай көрінісі.

Сондықтан кез келген мұғалімнің оқыту құралдары оның өз болжамдарының, білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан құралады. Бұл элементтердің барлығын жинақтасақ, жеке тұлғаның ерекше «оқыту сызбалары» құралады. Пажарес оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі, ұстанымға негізделген ойтоқтамдарының

ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді [8].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымда біршама зерттелді. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышынан» бастап, көркем шығармаларды талдаудың түрлі әдіс-тәсілдері, технологиялары ойлап табылды. Абайды оқытудың, сол сияқты М.Әуезовті, Ғ.Мүсіреповті, О.Бөкейді т.б. жазушылардың көркем шығармаларын және қазақ поэзиясын оқытудың, оқушы санасына жаттату мен түсіндіре талдатудың өзіндік әдістемесі жасалып, түрлі ғылыми еңбектер, монографиялар жазылды, бірнеше диссертациялар қорғалды. Қазақ халық ауыз әдебиетінен бастап, қазақ әдебиетінің «алтын ғасыры» атанған XX ғасыр туындыларына дейін осы әдістеменің негізгі объектісі болып келді. Мұның барлығы – әдебиеттанушы, әдіскер ғалымдардың еңбегі.

Қазақ әдебиетін оқыту мәселесі XIX ғасырда Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінен бастау алып, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың еңбектерінде қарқынды дамыды, жүйеленді, негізі қаланды.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап қазақ тілі мен әдебиетіне арнайы секция құрылып, нәтижесінде оқулық-хрестоматиялар, Ш.Кәрібаевтың «Әдебиеттік оқу әдістемесі» (1941), Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері» (1957), «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (1969) атты іргелі еңбектер жарыққа шықты.

1991 жылдан бастап бұл саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстары екі бағытта: болашақ және қазіргі мектеп бағытында жүргізілуде. Қазақ мектептеріндегі қазақ әдебиетінің мазмұнын, оқыту формалары мен әдістерін жаңарту – ғылыми зерттеудің негізгі бір бағыты.

Жаңаша оқытудың мазмұны: Неліктен біз біздің оқыту тәсілдерімізді өзгертуге тиіспіз, содан кейін мәселені шешуге бағыттталып: Біз мұны қалай істейміз, тек содан кейін ғана – Біз сыныпта не істеуіміз керек? деген сұрақты алға тартады [9].

2016 жылдан бастап Қазақстандық білім беру жүйесі Кембридждік жүйеге көшірілді, жаңартылған білім беру мазмұны енгізілді. Жаңа мазмұнға сәйкес жаңартылған білім беру бағдарламалары әзірленді. Оған дейін қазақ әдебиеті дәуірлеу кезеңдеріне байланысты оқытылып келсе, жаңа бағдарлама бойынша көркем шығармалар тақырыптарға топтастырылып берілді. Стандартты оқу мақсаттары жасалып, бекітілді. Әдебиетті, әдеби шығармаларды стандартты мақсаттарға сәйкестендіріп оқытуда мектеп мұғалімдері біршама қиындықтарға тап болды. Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін педагогтарға арнайы біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып, жаңа білім мазмұнына толықтай көшті. Дей тұрғанмен, жаңа мазмұнның жаңа мақсаттарымен жұмыс жасауда, оны жете түсініп, оқушыға жеткізе білуде педагогтардың басым көпшілігіне әдістемелік көмек қажет. Мұны Абай мектептері желісі ұстаздарының дөңгелек үстелдер, семинарлар мен вебинарлардағы сұраныстары дәлелдейді.

2019 жылы ЖОО ғалым-оқытушылары мен Абай атындағы РММИ ұстаздары бірлесе әзірлеп, 2020 жылы ҚР БҒМ бекітіп, 2021 жылдың қыркүйек айынан қолданысқа енгізілген тереңдетілген мектептерге арналған бағдарлама да жаңартылған мазмұннан алшақ кеткен жоқ. Атап айтсақ, қазақ әдебиетін оқыту бұрынғыша кезеңдік жүйеге түсірілгенімен, шиыршық әдісі және жалпыға ортақ стандартты оқу мақсаттары сақталып қалды. Бір ерекшелік – әр сыныпта 4-тоқсан толықтай ХХІ ғасыр әдебиетіне арналды. Жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген білім беру бағдарламасы бойынша ХХІ ғасыр әдебиетін оқыту, стандартты оқу мақсаттарына қол жеткізу мәселесінің өзектілігі осы тұста айқындалды.

Бағдарлама екі кезеңге бағытталған: 5-9-сыныптар және 10-11-сыныптар. Бұлай бөлінуі психологтардың еңбектеріндегі оқушылардың даму кезеңдерінің сипатына байланысты. Бағдарламада әдеби білім компоненті және орташа білімнің уақытша стандартының мазмұны көрсетіледі. В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту теориясы» еңбегінде «жетекші қызмет» термині қолданылады, ол баланың психикалық даму кезеңінде негізгі өзгерістерді көрсетеді. Соның ішінде қоғамдық мәндегі қабілет балаларда 10-15 жасында қалыптаса бастайды. Оқу-кәсіби қызмет жоғарғы сынып оқушыларында 15-тен 17-18 жаста пайда болады. Оларда кәсіби қызығушылықтары, өмірлік жоспарларын құру қабілеті дамиды, тұлғаның адамдық және азаматтық ұстанымдары, дүниетаным туралы негіздері қалыптасады [4].

Осы қағидаттарға сүйене отыра 5-9-сынып оқушылары үшін әр 4-тоқсанда ХХІ ғасыр әдебиетінен 6-7 шығарма (проза, поэзия аралас) беріліп отырса, 10-11-сыныптарда ХХІ ғасыр әдебиеті туралы қысқаша ғылыми курс ретінде берілген. Мысалы: 1) Қазіргі қазақ лирикасы; 2) Поэмадағы көркемдік ізденістер; 3) Жаңа ғасыр романы; 4) Повестегі дәстүр және жаңашылдық; 5) Қазақ әңгімесінің көркемдік көкжиегі; 6) Драматургияның жаңа өрісі; 7) Әдебиеттану және сын деген тақырыпшалардан құралады. Бұл тақырыптарды оқыту барысында қол жеткізетін мақсаттар: 11.1.2.1 - көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; 11.1.3.1 - көркем шығармадағы образдар мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну; 11.1.4.1 - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, заманауи мәселелерді терең түсіну; 11.2.1.1 - әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, баяндау композициясын ажырату; 11.2.3.1 - қаламгердің даралық стилін талдау (шығарма тілінің лексика, синтаксистік құрылымындағы ерекшеліктерін талдау); 11.3.2.1 - шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру, т.б.

Бұл оқу мақсаттарына ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің туындыларын оқытып, талдата отырып қол жеткізу үшін педагогтарға арнайы әдістемелік көмекші құрал қажет-ақ. Себебі қазіргі қазақ поэзиясы да, прозасы да мазмұны мен түр жағынан әлдеқайда қарыштап дамыған. «Қазақтың қандай ақын-жазушысын білесіз?» деген сұраққа 90% реценденттер Абай, Мұқағали,

Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев деп жауап береді. Осы қатардағы ХІХ, ХХ ғасырдың ақындары көтерген тақырыптарды біз білетін ғылыми зерттеулердегі лириканың 5 түріне (табиғат, махаббат, көңіл-күй, саяси-азаматтық, философиялық) сыйғыза алатын болсақ, қазіргі қазақ поэзиясында көтерілетін тақырыптар бұл ауқымнан кең. Мысалы, ғарыштық лирика, тәңіршілдік, сана мен бейсана мәселелері кең таралған. Ал форма, түр тұрғысынан келгенде қалыпты 7 ұйқас пен буын, бунақтық өлшемдерге сыймайтын жаңа сипаттағы поэзиялық туындылар көп дүниеге келуде. Ақын Ерлан Жүністің «Ромбтар» деп аталатын өлеңдер топтамасы түрі жағынан да, мазмұны жағынан да оқырманның қызығушылығын оятары сөзсіз.

Ол
Ғашық
Ғарышқа
Оның жаны –
Тәңір мәні
Алысқа
Асық
Жол.

Бұдан бөлек пирамида, саты немесе жапондық бес жолдық өлең сынды формада жазылып, жарияланып жатқан туындылар қазіргі қазақ поэзиясын көркемдік-құрылымдық тұрғыдан байытуда. Ғарыштық әлем мен қазіргі қоғам мәселелері, көруге де, оқуға да ерекше түр жаңалығы, оқырманды ойландыратын орайлы тіркестері қамтылған осындай туындыларды жас ерекшеліктеріне қарай іріктеп, мектеп бағдарламасына енгізу – оқушының отандық әдебиетке қызығушылығын арттыруға бір қадам.

Сонымен қатар, әдебиетті оқытуда тиімді технологиялардың бірі – диалогтік оқыту. Себебі кез келген көркем туындыны мұғаліммен бірге талқылап, ашық/жабық/сократтық сұрақтар қою арқылы талдау оң нәтижеге бағытталған жұмыстың бір түрі. Осы орайда шет елдік зерттеуші Александер диалогтік оқыту оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Диалогтік оқыту Бахтин, Мерсер, Велс және Вуд жұмыстарында бейнеленген. Александердің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «салауатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, оқушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауына және түсінбеушілікті жеңе білуіне көмектесе алады [10].

Талқылау

Қазіргі мектеп оқушыларының қолынан көп көретін шет ел әдебиетінің басым бағыттары қандай? Неліктен біз отандық әдебиеттен оқушыны жалықтырып алдық? «Қазақ әдебиетінде ғашықтар неге үнемі қосылмайды? Неге әйелдер үнемі бақытсыз?» деген сұрақтар педагогтарға неге жиі қойылады? Сонда тәуелсіздік алғаннан кейінгі әдебиетте де қазақ әйелі бақытсыз ба? Әлеуметтік теңсіздік мәселесі ғана әлі өзекті ме? Хандар мен батырлардың ұрпақтары қазіргі қоғамда не істеп жүр? Неге қазақ әдебиетінің туындылары қазіргі оқушылар өмір сүріп отырған қоғамнан алшақ? Осы

сұрақтардың жауабын табу мақсатында зерттеу объектісі етіп алынған Абай мектептерінің, атап айтқанда, Нұр-Сұлтан, Қызылорда, Алматы, Абай облысы, Павлодар қаласындағы желілік мектептердің педагогтары мен оқушыларынан сауалнама алынып, сұхбаттасу жүргізілген болатын.

Мектепте сабақ беретін практик мұғалімдермен сұхбаттасу нәтижесінде оқушылар арасында *мистикалық, фантастикалық бағыт пен детектив, манга жанрлары* бүгінгі таңда ерекше қызығушылыққа ие екені анықталды. Сонымен қатар, магиялық реализм жанры да қажеттілікке ие. «Магиялық реализмнің негізгі қақтығысы дәстүрлі жергілікті мәдениет пен ерекше және әмбебап мәдениеттің қатар өмір сүруі болуы мүмкін. Магиялық реализм өкілдері тарихи процесс барысында олардың қарама-қайшылықтары мен синтездерін түсінуге тырысты. Космополитизм магиялық реализм туындыларын талдау кезінде ескеріледі, өйткені дәл осы тәсіл этносаралық және дінге сенушілік кедергілерге деген көзқарасты анықтауға көмектеседі» [11]. Бірақ оқу бағдарламасында ұсынылған ХХІ ғасыр әдебиетінің туындылары бұл жанрларды толық қамтымайды, демек оқушы сұранысын қанағаттандырмайды. Шытырман оқиғаға толы детектив, суретті шығарма манганы оқуға құштар оқушы классикалық үлгідегі әңгіме, повесть, роман жанрларын оқуға келгенде белсенділігі аз болуы заңдылық. Оқу бағдарламасындағы ХХІ ғасыр қазақ әдебиеті жанрлық тұрғыда жаңғыруы тиіс деп білеміз.

Қазіргі қазақ әдебиетінің оқылу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамаға қатысушылар саны – 115. Олар әр өңірдегі желілік Абай мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары. ХХІ ғасыр әдебиетін оқытуда кедергіге ұшырайтын мұғалімдер – 83,3%; ХХІ ғасыр әдебиетінің өкілдерін танытын оқушылар үлесі – 51,1%. Бұл көрсеткіштен байқалатыны: мектеп оқушыларының жартысына жуығы қазіргі қазақ әдебиетінің өкілдерін білмейді, ал педагогтардың басым көпшілігі қазіргі әдебиетті оқытуда түрлі кедергілерге ұшырауда. Оның бір себебі әдебиетті оқытуда қолданатын әдістемелік көмекші құрал ретінде З.Қабдоловтың еңбегі көп аталған. Одан беріде әдебиетті оқыту әдістемесіне қатысты жарияланған ғылыми-зерттеу еңбектері қарапайым мектеп мұғалімі үшін қолжетімсіз. Бұл – ғылым мен педагогиканы, теория мен тәжірибені дұрыс ұштастыра білу қажеттілігін дәлелдейді.

Осы қажеттілікті өтеуге сәл де болсын үлес қосу мақсатында Абай мектептері желісінің педагогтарымен және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушы-профессорларымен, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлерімен бірлесе республикалық конференция ұйымдастырылды. Конференция барысында «Көркем мәтін талдау негіздері», «Қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыттары», «Көркем шығарманы талдау әдістері», «Түркі ескерткіштеріндегі фольклорлық мотивтерді оқытудың тиімді жолдары», «Абай мектептерінде ХХІ ғасыр әдебиетін оқытудың ерекшеліктері» тақырыптарында баяндамалар жасалды. Нәтижесінде қазіргі әдебиетті оқытуда: *өмірбаяндық,*

салыстырмалы-тарихи, рецептивті, интерпретация, психоаналитикалық, семиотикалық, интеграциялық әдістер тиімді екені анықталды.

XXI ғасыр әдебиетіндегі шет елден келген қандас қазақ жазушылары мен ақындары қалыптастырып жатқан жаңа тақырыптар, бағыттар, авторлар мен олардың туындылары туралы ақпарат айтылып, талқыланды. Әдебиетті оқыту арқылы тарихқа деген құрмет сезімін арттыру, тарихи тұлғаларды таныту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатын жүзеге асыру үшін шет елден келген қандастардың туындыларын оқу бағдарламасына енгізу ұтымды болмақ. Абай мектептеріне арналған тереңдетілген бағдарламадағы 8-сыныпқа оқуға ұсынылған Б.Бәмішұлының «Оспан батыр» поэмасы, Ә.Қайранның «Ерасыл» дастаны сынды туындылар бұған дәлел бола алады [12].




Диаграмма 1 – XXI ғасыр әдебиетіндегі өзекті тақырыптарды білу деңгейі



Диаграмма 2 – XXI ғасыр әдебиетін оқытудағы қиындық көрсеткіші




Диаграмма 3 – XXI ғасыр әдебиетінің өкілін білу көрсеткіші

Қорытынды

Қорыта келе, XXI ғасырдағы қазақ әдебиетін мектеп оқушыларына оқытудың арнайы әдістемесі жасалуы тиіс. Ең болмаса, қазақ тілі мен әдебиетіне басымдық бере оқытатын Абай мектептерінің оқу бағдарламасында оқушылардың қызығушылығы мен сұранысын қанағаттандыратын түрлі жанрлардағы қазіргі заман туындылары іріктеліп, жинақталып берілгені дұрыс. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Абай атындағы Республикалық мектеп-интернат оқушыларымен оқып, талдап, аппробациядан өткен бірнеше туындыларды ұсынуға болады. Атап айтар болсақ, адам психологиясы туралы Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі: «...*Олардың ешкімге ешқандай зияны жоқ. Егер дүниедегі бар зиянкестікті тексерер болсақ, солардың бәрін жындылар емес, сау адамдар жасаған зой...*» Әңгіме басталар тұстағы автордың осы тұжырымы-ақ оқушыны еліктіріп әкетеді. Қыз баланың тәрбиесі, қазіргі заман мен бұрынғы заманның көзқарастары туралы Г.Шойбекованың «Бұрым» атты шағын әңгімесі: «*Бұрымыңды кескенің – ақылыңды кескенің*», - деді әкесі. «*Бұрымыңды кескенің – өмір жолыңды кескенің*», - деді анасы. «*Бұрымыңды кескенің – жаңа өмірге келгенің*», - деді құрбысы. «*Осы үшеуінің қайсысы әулие*» деп ойлайды ол». Екі беттен ғана тұратын шағын әңгімедегі бір ғана диалогта өтпелі кезеңдегі оқушы қыздардың басым көпшілігінде кездесетін сұрақ, мәселе тұр. Өз өмірімен байланысы болғандықтан, мұндай шығарма да оқушыны өзіне тартатыны айқын. Сонымен қатар, бүгінгі оқушыға етене таныс мәселелердің бірі – қазақ халқының ысырапшылдығы, күнделікті көріп жүрген той тақырыбындағы Ш.Мұртазаның «Тәуекел тойы» әңгімесі, тайм-менеджмент жаулаған заманға сай А.Темірбайдың «Уақыт» өлеңі, тәуелсіздіктің қадірі туралы С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні» драмасы, детектив жанрындағы Қ.Исабаевтың «Ажал құрсауында», «Коменданттың жазбалары», Ш.Күмісбайұлының «Түнгі текетірес» шығармалары, т.б.

Аталған көркем шығармаларды меңгерте білу бүгінгі мұғалімнен кәсіби күзінеттілікті талап етеді. Кәсіби құзыреттілік – «бір нәрсені бағалауға, бір нәрсені жасауға немесе шешуге мүмкіндік беретін белгілі бір шеберлікті, дағдыларды, өмірлік тәжірибені меңгеру; әлеммен сол немесе басқа салада

тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және осы мақсатқа қажетті құзыреттерге байланысты күрделі жеке ресурсты пайдалану; кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруға жеке ішкі мотивацияны, мамандыққа құндылық ретінде қатынасты қалыптастыру; туындайтын когнитивтік мәселелерді өз бетінше шешу және жеке ұстанымды анықтау үшін барабар білім деңгейін қамтамасыз ету; кәсіби қызметтің нақты салаларында біліктілік стандарттары мен белгіленген критерийлерге сәйкестігін, жоғары дайындық дәрежесін анықтау; белсенді жұмыс істеу және өзіне деген сенімділікті білдіретін психоәлеуметтік сапа; белгілі бір білімге, кәсібилікке ие болу» [13].

Нені, кімге және қалай оқытуды меңгерген мұғалім қазіргі әдебиетті оқыту арқылы отандық туындылардың оқырмандарын қалыптастырады. Бүгінгі мектептің мақсаты – қоғамның қай саласында қызмет етсе де ұлтқа жанашыр тұлға дайындау. Әдебиетті оқытуды ұлт болашағын тәрбиелеу деп қарап, ең керегін сүзгіден өткізіп, оқушыға сапалы дүние ұсына білсек, бұл мақсатқа қол жеткізілмек.

ӘДЕБИЕТ

[1]. Колумбаева Ш.Ж., Атабекова Б.Б. Орта білім алушыларды «педагог» мамандығын таңдауға даярлаудағы педагогикалық сыныптар қызметінің ғылыми-әдістемелік негіздері. // Абылай хан атындағы әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің Хабаршысы. – 2024. – №2 (73). – Б. 303-325.

[2]. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы/ құраст. О.Жұбаева. – Астана, 2017. – 752 б.

[3]. Құнанбайұлы А. Шығармалар жинағы. Алматы, 2005. – 152 б.

[4]. Жұмақаева Б.Д. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Алматы, 2015. – 210 б.

[5]. Ричард Бич, Дебора Эпплман, Боб Фечо, Роб Саймон. Жасөспірімдерге әдебиетті оқыту. Routledge, NY, 2016. – 290 б.

[6]. Стронг Дж., Уард Т., Грант Л. Ең жақсы мұғалімдерді не жақсы етеді? // Teacher Education. – 2011. – №62. – 339б.

[7]. Ботпайұлы С.С. «Ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден» // Abai.kz ақпараттық порталы. URL: <https://abai.kz/post/10153> [қаралған уақыты: 24.07.2022].

[8]. Пажарес М. Мұғалімдердің пікірлері және тәрбиелік зерттеулер: хаотикалық ұғымды ретке келтіру. // Білім беру зерттеулеріне шолу. – 1992. – №62(3).–307-332б.

[9]. Дарлинг-Хаммонд Л. XXI ғасырдағы педагогикалық білімнің қалыптасуы. // Teacher Education. – 2006. – №57. – 1-15б.

[10]. Александер Р.Дж. Диалогтік оқыту жолында: сыныптағы пікірталасқа жаңаша көзқарас. //York: Dialogos. – 2008. – №4. – 6-14б.

[11]. Оразбек М.С., Сагидуллаева С.С. Көркем прозадағы магиялық реализм. // Абылай хан атындағы әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің Хабаршысы. – 2024. – №1 (72). – Б. 509-523.

[12]. Желілік Абай мектептеріне арналған жаңартылған мазмұндағы тереңдетілген «Қазақ әдебиеті» бағдарламасы.

[13]. Құнанбаева С.С. Білім беру парадигмасы: Жоғары мектеп жүйесіне күзіреттілікке негізделген тәсілді енгізу. //International Journal of environmental & Science Education. – 2016. – №18. – 12699-12710 б.

REFERENCES

- [1]. Kolýmbaeva Sh.J., Atabekova B.B. Orta bilim alýshylardy "pedagog" mamandyǵyn tańdaǵa daıarlaıdaǵy pedagogıkalıq synypıtar qyzmetiniń ǵylymı-ádistemelik negizderi.(Scientific-methodological bases of the activities of pedagogical classes in preparing secondary school students to choose the profession of "pedagogue".) //Abylai han atyndaǵy álem tilderi jáne halyqaralyq qatynastar ýniversitetiniń Habarshysy. – 2024. – №2 (73). – B. 303-325. [in Kaz.]
- [2]. Ahmet Baitursynulyń tiltanymdyq murasy / qurast.(Linguistic heritage of Akhmet Baitursynuly / compiled) O.Jubaeva. – Astana, 2017. – 752 b. [in Kaz.]
- [3]. Qunanbaıuly A. Shyǵarmalar jınaǵy.(A collection of works) Almaty, 2005. – 152 b. [in Kaz.]
- [4]. Jumaqeva B.D. "Ádebietti oqytý ádistemesi"(Methodology of teaching literature) Almaty, 2015. – 210 b. [in Kaz.]
- [5]. Richard Bich, Debora Eppelman, Bob Fecho, Rob Saïmon. Jasóspirimderge ádebietti oqytý. Rýtledj, NÚ-IORK, 2016 jyl. – 290 b.
- [6]. Strong Dj., Ýard T., Grant L. Eń jaqsy muǵalimderdi ne jaqsy etedi? (What makes the best teachers good?)// Muǵalimniń Bilimi. – 2011. – №62. – 339b
- [7]. Botparuly S.S. "Ultyq qyzmet týraly bilimnen, mindetten" (Service to the nation is not based on knowledge, but on character) //Abai.kz aqparattyq portaldar. MEKEN-JAIY: <https://abai.kz/post/10153> [qaralǵan ýaqyty: 24.07.2022]. [in Kaz.]
- [8]. Pajares M. Muǵalimderdiń pikirleri jáne Tárbelik Zertteýler: haotıkalıq úgymdy retke keltirý. // Bilim berý zertteýlerine sholý (Teacher perceptions and educational research: Tidying up a chaotic concept). – 1992. – №62(3).–307-332b
- [9]. Darling-Hammond L. XXI ǵasyrdaǵy pedagogıkalıq bilimniń qalyptasýy.(Formation of pedagogical knowledge in the 21st century) //Muǵalimniń Bilimi. – 2006. – №57. – 1-15b.
- [10]. Aleksander R.Dj. Dialogtik oqytý jolynda: synypıtaǵy pikirtalasqa jańa kózqaras.(Towards dialogic learning: A new approach to classroom discussion) // Iork: Dialogtar. – 2008. – №4. – 6-14b.
- [11]. Orazbek M.S., Sagıdıllaeva S.S. Kórkem prozadaǵy magıalyq realizm. //Abylai han atyndaǵy álem tilderi jáne halyqaralyq qatynastar ýniversitetiniń Habarshysy.(Magic realism in fiction) – 2024. – №1 (72). – B. 509-523. [in Kaz.]
- [12]. Jelilik Abai mektepterine arnalǵan jańartılǵan mazmundaǵy tereńdetilgen "Qazaq ádebieti" baǵdarlamasy.(In-depth "Kazakh literature" program with updated content for network Abay schools) [in Kaz.]
- [13]. Qunanbaeva S.S. Bilim Berý Paradıgmasy: Joǵary Mektep Júesine Quzyrettilikke Negizdelgen Tásildi Engizý (The Educational Paradigm: Introducing a Competency-Based Approach to the Higher Education System) //Halyqaralyq ekologıalyq Jáne Ǵylymı Bilim Berý Jýrnaly. – 2016. – №18. – 12699-12710 b. [in Kaz.]

АКУТАЛЬНОСТЬ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ XXI ВЕКА В ШКОЛЕ

*Орынбаева Д.Г.¹, Сатемирова Д.А.², Абитова Ж.С.³

^{*1,2}КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан

³Кызылординский университет им. Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

Аннотация. Казахская аудитория XXI века, то есть современной эпохи, – это казахская молодежь, несмотря на разрушительную силу Интернета увлекающаяся чтением книг. Учащиеся школ, студенты средних и высших учебных заведений или молодые специалисты, только начинающие свою карьеру, выбирают для чтения книги самых разных направлений и жанров.

Интерес к отечественной литературе лучше развивать с раннего возраста, сначала зачитывая сказки на ночь или разучивая стишок на детсадовский утренник, и уже

полноценно изучая в начальных классах. В связи с этим целью научного исследования является определение произведений нового века, которые бы повышали интерес учащихся к ним, путем проведения исследований для преподавателей и учащихся сети школ Абая, а также нужно доказать необходимость создания методических преподавания, и подготовить полезные рекомендации для учителей.

В статье разграничиваются фундаментальные труды отечественных и зарубежных ученых, связанные с преподаванием казахской литературы. Представлены выводы, касающиеся методики преподавания литературы. Синтезируются и анализируются результаты исследований, интервью, опросов и сравнений. Выделены жанры художественных произведений, которые интересны современному читателю. Проанализированы и рекомендованы для включения в школьную программу возникающие новации в казахской прозе и поэзии по содержанию, форме, типу и структуре.

Кроме того, были разработаны рекомендации учителю для четкого понимания чему и как учить.

(По исследованиям проекта «AR19176992 Методика преподавания казахской литературы XXI века в школе (по сети школ Абая)»)

Ключевые слова: литература XXI века, современная казахская литература, учебная литература, методика преподавания, современная казахская проза, казахская поэзия, углубленная литература, художественное произведение, казахская и мировая литература, новые жанры

CURRENTITY OF TEACHING KAZAKH LITERATURE OF THE XXI CENTURY AT SCHOOL

*Orynbaeva D.G.¹, Satemirova D.A.², Abitova Z.S.³

^{*1,2}Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Abstract. The Kazakh audience of the 21st century, which is considered the modern era, is Kazakh youth, who despite of the destructive power of the Internet, are fond of reading books. Schoolchildren, students of secondary and higher educational institutions, or young professionals just starting their careers choose books from a wide variety of genres and themes. It is better to develop interest in domestic literature from an early age, first by reading bedtime stories or learning a poem for a kindergarten matinee, and then fully studying it during primary school period. In this regard, the purpose of the scientific research is to identify works of the new age that would increase students' interest in them, by conducting research for teachers and students of the Abai school branches. It is also important to prove the need to create teaching methods and prepare useful recommendations for teachers. The article distinguishes between the fundamental works of country and foreign scientists related to the teaching of Kazakh literature. Conclusions regarding to the methodology of teaching literature are presented. The results of research, interviews, surveys and comparisons are synthesized and analyzed. Genres of works of art that are interesting to the modern reader are identified. Arising innovations in Kazakh prose and poetry in content, form, type and structure are analyzed and recommended to include into school curriculum. In addition, there were developed recommendations for teachers to clearly understand what and how to teach.

(«According to research of the project «AR19176992 Methods of teaching Kazakh literature of the 21st century at school (through the Abai school network)»)

Key words: 21st century literature, modern Kazakh literature, teaching literature, teaching methodology, modern Kazakh prose, Kazakh poetry, in-depth literature, fiction, Kazakh and world literature, new genres

Мақала түсті: 14 мамыр 2024